

**«Асхана үшін ғимаратты жалға беру»
конкурсын өткізу бойынша хабарламаға
№1 қосымша**

«Асхана үшін ғимаратты жалға беру» техникалық ерекшелігі

1. Атауы: «Асхана үшін ғимаратты жалға беру»

Лоттың №	Жалға берудің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Құны айына (1 ш.м. 2 322 тг)	Орналасқан жері
1	«Асхана үшін ғимаратты жалға беру»	м2	23,7	55 031	Петропавл қ., Бостандық к-сі 2, №2 жатақхана, 1 қабат
Лоттың №	Жалға берудің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Құны айына (1 ш.м. 2 942 тг)	Орналасқан жері
1	«Дүкен үшін ғимаратты жалға беру»	м2	31,6	92 967	Петропавл қ. Пушкин к-і, 86а

2. Ықтимал Жалға алушыға қойылатын техникалық және сапалық мінездемелер:

2.1 Ықтимал Жалға алушы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы», ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі №186 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа алуға және сақтауға міндетті.

2.2 Ықтимал Жалға алушы Жалға берушінің алдында тараптардың келісімі бойынша бір жыл мерзімге әрекетін жүзеге асыруға міндеттенеді.

р/с №	3. Жалға алушыға қойылатын талаптардың сипаттамасы
1	<p>Асханалардың жұмыс уақыты: күн сайын 8:30-дан 19:30-ға дейін үзіліссіз, демалыскүндері – сенбі, жексенбі.</p> <p>Жалға берушімен келісім бойынша кестенің өзгертілуі мүмкін.</p>
2	<p>Тағамдардың кең ассортиментінің бар болуы.</p> <p>Жалға алушы диеталық кешенді, сонымен қатар вегетариандық тағамдарды міндетті түрде қарастыруы керек.</p> <p>Бағалары мен салмағын көрсетумен мәзірді (болжалды тағамдар мен сусындардың тізімі) ұсынады.</p> <p>Мәзір (болжалды тағамдар мен сусындардың тізімі) екі аптада 1 рет кезеңділікпен өзгертіледі.</p>
3	<p>Тағам түрлеріне грамм саны:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) Көже – 250 гр. аз емес. 2) Ыстық тағам (екінші тағам) – 250 гр. аз емес. 3) Салаттар – 150 гр. аз емес. 4) Десерт – 100 гр. аз емес.
4	<p>Мәзір бойынша бағаның қалыптастыру (болжалды тағамдар мен сусындардың тізімі) Жалға берушімен келісіледі.</p>
5	<p>Сәйкесінше және ыңғайлы ыдыспен «Тағам мен сусынды сатып шығару» қызметімен қамтамасыз ету.</p>

6	Жалға берушімен келісу бойынша Жалға берушінің жатақханалары мен корпустарына ыстық тағамдарды сатып шығаруды қамтамасыз ету бойынша қосымша қызметтерді ұсыну.
7	Штатында әрбір Лотқа дербес қоғамдық тамақтандыру саласында 2 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар 1 аспаздан кем болмауы. Жалға алушы «М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ медициналық қызметіне барлық персоналға медициналық кітапшаларының көшірмелерін ұсынуға тиіс.
8	Азық-түлік өнімдері мен шикізаттарын асханаларға жеткізу олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарының бар болған жағдайларында жүзеге асырылуы тиіс (сәйкестігі туралы декларациялар, ветеринарлық анықтамалар, сараптама актілері және т.б.).
9	Персоналдың униформасы бірыңғай стильде болуы міндетті, таза және үтіктелген, қызмет көрсету персоналының аты-жөні жазылған байдждерінің барболуы тиіс. Этикет нормаларын сақтауын сыпайы персонал. Мемлекеттік тілді білуі тиіс (қызмет көрсету персоналының ішіндегі біреуден кем болмауы).
10	Жалға алынатын ғимаратта күніне 2 реттен кем емес ылғалды жинау жүргізілуі тиіс, сонымен қатар қажеттілік бойынша жұмыс күні ішінде тазалықты ұстану қажет.
11	Жалға алушы санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді (бетперделік режим, әлеуметтік қашықтық, санитайзерлерді орнату және т.б.)
12	Коммуналдық қызметтер жалға беру құнына енбейді. Коммуналдық қызметтер Жалға алушымен есептеу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес дербес төленеді (ыстық/суық су, электроэнергия).
13	Төлемдер қабылдаудың POSтерминалдарының, Visa, MasterCard халықаралық төлем карталарының міндетті түрде бар болуы.
14	Жалға алынатын ғимаратты ресумдеу, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау Жалға берушімен қатаң түрде келісу бойынша Жалға алушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

15	«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ студенттерін сырттай жұмысқа қабылдау Жалға берушімен келісу бойынша айына 40 сағаттан кем емес мерзімге жүргізіледі.
----	--